

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Сабақтың тақырыбы: «Ойын арқылы бала тілін дамыту»ЖАРИЯЛАНДЫ
30.01.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/130493/>**Сабақтың тақырыбы:** «Ойын арқылы бала тілін дамыту»

Сабақтың мақсаты: Балалардың ұсақ моторикасын, тыныс алуын, сөйлеу мүшелерінің қимыл-қозғалысын дамыту. Ойлау қабілеттерін жетілдіру. Сөздік қорларын молайту.

1. Шаттық шеңбер.

Сәлемдесейік иіліп,

Жылы жүзбен жымыып.

Қызығы мол сабақта,

Ойнайық та күлейік.

2. Ұсақ қол моторикасын дамыту «Саусақтар сәлемдеседі».**Орындалу тәсілі:** Басбармаққа қалған саусақтарды сәлемдестіріп, түйістіру.

(Бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек).

Конец формы

Начало формы

Конец формы

«Жұдырық, тақтай, алақан»

Орындалу тәсілі: Алақанды алдымен жұдырыққа түйіп, одан соң тігінен ұстап, сосын алақанды үстел үстіне қою. Осы қимылды кезектестіріп, тез орындау.

3. Артикуляциялық жаттығулар :

Сурет арқылы көрсету.

4. Тыныс алу жаттығулары.

1) «Жылан» — Қолдарымен жыланды ұстап, түтікшемен үрлеу.

2) «Бақа»- Тынысымыз жақсы болу үшін, түтікшемен үрлесек, бақа ауызын ашады.

3) «Еліктің мүйізі» — Түтікшемен қатты бар күшімізбен үрлейміз.

4) «Балықты суға жібер» — Түтікшемен ішке қарай тынысты тартып, балықты аулап, суға жіберу.

— Жарайсыңдар , балалар!

5. Жаңа сабақ: «Ойын арқылы бала тілін дамыту».

— Ал, балалар, ойынымызды бастайық.

6. «Балық аулау» ойыны.

— Балалардың қол моторикасын дамытуға арналған ойын.

— Балалар, қармақпен магнит арқылы көлдегі

(Аулаған балықтарды шелектерге салу)

— Ал, балалар, біз не істедік? (балықтарды қармақпен ауладық)

— Ал, енді балалар, қайталап айтайықшы (балық, қармақ)

— Аулаған балықтарды қандай ыдысқа салдық? (шелекке)

— Қайталап айту (шелек)

7. «Ілгішпен шелекті тарту»

Шарты: Балалар қолдарына ілгіштерді ұстап, шелектерді тартады. Әр балаға 3 шелектен беріледі.

— Ал, балалар біз не істейміз?

— Біз ілгішпен шелекті тартамыз.

— Ал, балалар, шелекті балықтарымен бірге ілгішпен тартып үстел үстіне қояйық.

— Жарайсыңдар, балалар!

— Балалар, осы аулаған балықтарымызға шыбындар қонбас үшін, бақамен бірге шыбын аулайық.

8. «Шыбын аулау»

— Бақамен бірге шыбын аулайық.

— Ал, балалар, бақамен бірге балықтарымызға шыбындар қонбас үшін, барлығын аулайық.

— Балалар, қайталап айтайықшы, шыбын, балық, бақа, шелек.

— Жарайсыңдар, балалар!

9. 9. Мимикалық жаттығулар жасау.

— Құлағын ұстап тұрған Мерсад.

— Тілін шығарып тұрған Рамзан.

— Көзін жұмып тұрған Айсұлтан.

— Ауызын ашып, мұрнын ұстап тұрған Нұрали.

10. Сергіту сәті:

Қолымызбен хлоп-хлоп,

Аяғымызбен топ-топ,

Тарсылдаймыз тук-тук,

Үндемейміз, қараймыз.

-Жарайсыңдар, балалар!

—Ал, жігіттер, Рамзан, Әли, Мерсад, Айсұлтан келесі ойынымызды ойнайық.

11. «Футбол ойнау»

— Саусаққа киетін бала жасап, футбол ойнату.

— Балалар, екі саусағымызбен жүгіріп футбол ойнайық.

— Балалар, біз не істедік?

— Доп, футбол, балалар.

— Жарайсыңдар, балалар!

— Ал, енді балалар, соңғы ойынымызды ойнайық.

12. « Жіпті орау»

— Дөңгелек үстелдің шет-шетіне жіп байлап, балалар жарысып ораулары керек.

13. Релаксация «Теңіз» дауысы. (видео теңіздің бейнесі)

— Балалар, жарайсыңдар, біз бүгін тілімізге арналған жаттығулар жасадық

(қайталату), тыныс алуға арналған жаттығулар жасадық, әр түрлі қолымызға арналған жаттығулар жасадық. Ойындар ойнадық.

— Жарайсыңдар!

— Сендерге сабаққа керемет қатысқандарың үшін сыйлығым бар.

— Рахмет сендерге!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.